



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ    КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ    AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

# BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

1(135) 2012

тердің шақ категориясының құрамына да енгізеді. Егер қалыптасқан қағида бойынша шақ категориясы "іс-қимыл, жай-күйдің орындалу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынастарды білдіретін грамматикалық категория" дейтін болсақ, онда жоғарыдағы мысалдарымыз кейде шақ қатарына аталынуы керек, бірақ *отыр, тұр, жатыр, жүр* дегендердің мағынасында осы шақтың мағынасы бар. Проф. А.Ысқақов осындай *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін *-ып, -іп, -п; -а, -е, -й* көсемшелі етістіктермен тіркесіп келгенде нақ осы шаққа қосса, *-ғалы, -гелі* көсемшелі етістіктің келер шаққа қосады [5]. Грамматикалық категориялардың қатарына қосылған грамматикалық мағыналарды деп басып ажырату кейде қиын болатындығы анық. Мысалы, етістіктің шартты райларын шақпен байланыстыруға болады, бірақ толық белгілі бір шаққа телу мүмкін болмайды. Сондықтан кей ғалымдар шартты райда келер шақ және өткен шақ мағынасын білдіреді, екінші бір ғалымдар олардың шақпен қатысы жоқ, олар мәтінмен байланысты анықталады дейді. *-ғалы отыр* типті аналитикалық формаларды да бір мәтінге анықтау керек. Мысалы, амал-әрекеттің болып жатқанын білдіретін фазасын білдіретіндері төрт қалып етістігімен көсемшенің *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й*

формасынан жасалынған аналитикалық формамен байланыстырылады. Біз бұл төрт етістікке қосымша *барады, келеді* етістіктерін де қосуға болады дейміз. Себебі олар осы шақпен тікелей байланысты болады да амал-әрекеттің басталынғаны, қашан басталынғандығын білдірмейді; аяғын да білдірмейді. Тек амал-әрекеттің басталғандығын, болып жатқандығын білдіреді. Бұл бір. Екіншіден, олар амал-әрекеттің созылыңқы болғандығын да білдіреді. Мысалы: *оқып отыр, оқып барады; сөйлеп жатыр, сөйлеп келеді*. Осы созылыңқылық мағыналық реңкті білдіріп тұрған *отыр, жатыр, тұр, жүр* етістіктерінің тарихында олардың мағынасын түбірге беріп ықшамдалған (каплогия заңы бойынша) *-ур, -үр* қосымшасының үлесіне тиеді. Ал, бар, кел етістіктері де тек *-ады, -еді* қосымшасымен байланысып барып фазалық етістік қатарына қосылады. Егер *-ур, -үр* қосымшасының да, *-ады, -еді* қосымшаларының да осы шақ формасы екендігін есепке алсақ онда олардың сыбайластығын дәлелдеуге болады.

1 Маманов И.Е. Вспомогательные глаголы в казахском языке.

2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы, 1991.

3 Оразов М. Көмекші сөздер, 1т. Ташкент 1997.

4 Оразов М. Етістік. Алматы, 2001ж.

5 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1974.

**Б. Сманова**

**Фазовые глаголы казахского языка**

В данной статье рассматриваются особенности употребления фазовых глаголов.

**B. Smanova**

**Phase verbs of the Kazakh language**

This article discusses the features of using phase verbs.

**Г. Т. Сырлыбаева,**

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.,*

*Талдықорған, gulnara\_s.t81@mail.ru*

## ҚАРСЫ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жалпы тілдегі қарама-қарсылықты қарастыруда, сөз мағынасы және фразеологиялық бірліктер қандай жағдайда қарама-қарсы қойылады деген сауал туындайды. Тіпті фразеологияда антоним фразеологизмдерді анық-

таудың өзі күрделі мәселе. Осы ретте лингвист ғалымдар екі түрлі көзқарасты ұстанады.

Зерттеушілердің бір тобы (А.И. Молотков, Л.А. Грязнова, В.Л. Смирнов): құрылымдық

жағынан біркелкі және құрамында антоним компоненттері бар фразеологизмдер ғана антонимдік жұп құра алады деген пікірде. Ал А.И. Алехина, Л.П. Зими́на, С.А. Быкова, Е.Н. Миллер, Ж. Мусин сияқты ғалымдар фразеологиялық антонимдерді анықтау құрылымдық ерекшеліктері негізінде емес, фразеологиялық бірліктердің мағынасын салыстыру, қарсы қою нәтижесінде пайда болатындығын дәлелдеген болатын.

Біз соңғы айтылған пікірді құптаймыз. Антоним фразеологизмдерді анықтауда олардың құрылымдық сипаты басты рөл атқармайды. Ал жұп фразеологизмдердің құрамында антоним компоненттердің ұшырасуы (*ақ жүрек – қара жүрек, аузы ауыр – аузы жеңіл*), бұл компоненттердің фразеологиялық антоним жасауға негіз бола алатындығына ешкім дау келтірмейді. Антонимдік жұп құратын екі фразеологиялық бірліктің семантикасында бір-біріне ортақ және қарама-қарсы компоненттер ұшырасады. Аталған компоненттер фразеологиялық антонимдерді анықтаудың ең маңызды семантикалық критерийі болып табылады. Бұл жөнінде зерттеуші-ғалымдардың да пікірлері баршылық.

Осы ретте Е.Н. Миллер фразеологизмдердегі антонимия құбылысын анықтауға қатысты мынадай пікір айтады: «основным способом установления антонимии фразеологизмов следует, по нашему мнению, считать анализ структуры их значений: антонимия устанавливается путем обнаружения у противопоставляемых фразеологизмов общих (тождественных) и противоположных (контрарных или контрадикторных) семантических значений» [1; 93]. Автордың тұжырымын негізге алсақ, антонимдік фразеологизмдерді мағыналарындағы ортақ және қарама-қарсы белгілеріне сай анықтауға болады.

Ғалым Л.А. Новиковтың пікірінше: «Фразеологиялық антонимдердің семантикалық категориялары, дамуы лексикалық та, фразеологиялық та антонимдердің бірлік қарама-қарсылығына негізделген жұп фразеологизмдердің семантикасында компоненттердің ортақ және қарама-қарсы болып келуін шамалайды» [2; 27]. Біз бұл тұжырымдарды қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің арасындағы антонимдік қасиетті анықтауда басшылыққа аламыз. Көптеген зерттеушілер антоним жұп фразеологизмдердің мағыналарының ортақтығы, олардың бірдей категорияға

қатысы тұрғысынан көрінетіндігін тілге тиек етеді. Фразеолог А.И. Черная мұны «антонимдердің бір лексика-грамматикалық топқа енуі (қатысы)» [3; 150], Л.П. Зими́на «біркелкі категория-грамматикалық ерекшеліктер» [4; 7], Г.Ц. Пюрбеев пен Г.А. Бертагаев «біркелкі лексика-грамматикалық ерекшеліктер», [5; 159] – деп талдайды. Тілдегі лексикалық антоним жұптар бір лексика-грамматикалық категорияға жатуы тиіс екені мәлім. Мысалы: *ақ қара, суық – ыстық – сын есім; кіру – шығу, апару – әкелу – етістік т.б.*

Фразеологиялық антонимдерге де мұндай қасиет тән. Мәселен, *аузы-аузына тимеу – жұмған аузын ашпау, ілгері басқан аяғы кейін кету – тасы өрге домалау* – антоним фразеологизмдерінің екі жұбы да етістікті фразеологизм. *Ауқатты адам – қара сирақ кедей, жүнін жұлған тырнадай – үріп ауызға салғандай* – фразеологиялық антонимдердің жұптары сын есімнен жасалған. Қарсы мәндегі фразеологизмдердің ортақ семантикалық компоненттерін анықтауда бұл өзгешелік те басты рөл атқарады.

Антоним фразеологизмдердің мағыналарында болмыстағы біркелкі объектіні білдіретін, қарама-қарсы жақтары антонимдерден көрінетін біркелкі семантикалық компоненттер ұшырасады. Фразеологиялық антонимдердің мағыналарындағы бұндай компоненттерді «ортақ» деп қарастыруға болады. Мысалы: *құлақ салу – құлақ аспау* (көңіл қойып тыңдау – мүлдем тыңдамау, естімеу мағыналарында) антоним фразеологизмдерінде ортақ семантикалық компонент – «ұдайы, үнемі болып тұратын әрекет» пен «құлақпен тыңдау, қабылдау». Мысалдан байқағанымыздай, фразеологиялық антонимдердегі ортақ компоненттік мағына оларды біртұтас негізде салыстырудың тілдік көрсеткіші болып табылады. Мысалы, жоғарыда келтірген *құлақ салу – құлақ аспау* қарсы мәндегі фразеологизмдерін біртұтас негізде салыстыру ауқымында қарама-қарсы қою, берілген процестің (құлақпен тыңдау процесі) қарқындылығының шеткі шегінің көрінуін анықтайды. Бірақ бұл шектер норма-процесс ретінде қабылданатын және қандай да бір қарқындылық ерекшеліктерін игермейтін, «нөлдік» деңгейде *құлақпен қабылдау* процесімен салыстыру негізінде ғана іске асады. Сол себептен де, мұндай жағдайда фразеологиялық бірліктерді салыстырудың біртұтас негізі бүкіл «тыңдау» процесін

қамтыса, онда фразеологизмдерді қарама-қарсы қоюдың өзі осы «тыңдау» процесін салыстыру арқылы жасалады.

Демек, біріншіден, фразеологиялық бірліктердің антонимдігі оларды біртұтас негізде салыстыру, екіншіден, оларды қарсы қоюдың ортақ компоненттері салдарынан туындайтынын байқадық.

Семантикасындағы ортақ және қарама-қарсы компоненттерден өзге, фразеологиялық антонимдердің мағыналарында қосымша семантикалық компоненттер де болуы мүмкін. Мысалы: 1) *аузы тамақтан босамау – нәр сызбау* (үнемі аузы тынбай тамақ жеу – аузына ас алмау мағыналарында) фразеологиялық антонимдерінде ортақ сема – «процессуалдық» және «тамақ жеу әрекеті» болса, қарама-қарсы сема – *аш немесе тоқ болу*, мұндағы фразеологиялық антонимдердің «төменгі көрсеткіштен» (нәр сызбау) «жоғарғы көрсеткішке» (үзбей тамақ жеу, тою) ауысуына сай қосымша сема-«қарқындылық» болып табылады. 2) *көзін қадау – көзіне ілмеу* (қадала, тесіле қарау – назар аудармау, қарамау мағыналарында) антоним фразеологизмдеріндегі ортақ сема – «көзбен қабылдау процесі», қарама-қарсы сема – «қарау процесінің болуы немесе болмауы». Қосымша сема *көзін қадау* фразеологизмінің өн бойынан көрініс тапқан. Аталған фразеологизм мағынасына зер салсақ, «қадала қарау», «ықыластылық», «ұзақтық» сияқты қосымша семалардың бар екенін көреміз. Келтірілген антоним фразеологизмдерде ортақ компонент пен қосымша компоненттің айырмашылығы да айқын көрініп тұр. *Көзін қадау – көзіне ілмеу* қарсы мәндегі фразеологизмдерінде, ортақ компонент «көзбен қабылдау процесінің» өзін бейнелесе, қосымша компоненттер бұл процестің «ықылас қою, қадалу, көз алмау» сияқты қосымша белгілерін қамтиды.

Егер кейбір лексикологтар антонимдердің барлық семантикалық реңктері дәл келуі міндетті десе [6; 26, 7;191], фразеолог Т.А. Тонконогова: «отсутствии симметричности противопоставленных друг другу пар фразеологизмов и составляет специфику фразеологической антонимии, обусловленную сложностью фразеологического знака-раздельно-оформленностью, образной переосмысленностью и наличием коннотации» [8;71] – деген ой түйген болатын.

Лексикалық бірліктердегі сияқты, фразео-

логиялық бірліктердің мағыналарында антонимдік қасиет әр түрлі деңгейде көрінуі мүмкін. Көптеген зерттеушілер антонимдік қасиеттің деңгейі – екі тілдік бірліктің бір-біріне қатысында, олардың өзара сай келуінде деп түсіндіреді. Осы ретте лексиколог ғалымдар лексикалық бірліктерде антонимдік қасиеттердің күшті және әлсіз деңгейде көрінуіне сай түрлі терминдерді қолданған. Мысалы: зерттеуші М.Р. Львов «*толық және толық емес антонимдер*» (полные и неполные антонимы) [9], А.И. Пупкова «*күшті және әлсіз антонимдер*» (сильные и слабые антонимы) [10], Р.В. Селина «*нақты және белгілі бір жағдайға негізделген антонимдер*» (безусловные и обусловленные антонимы) [11] деп атап көрсетеді. Антонимдердің деңгейі түрлі тілдік факторларға тәуелді, бұлардың ең маңыздысы – антонимдердің мағыналарының өзара қатысында болып табылады. Осы тұста фразеологиялық бірліктерде антонимдік қасиеттің көріну деңгейін және олардың мағыналарының өзара қатысына тереңірек тоқталып өтсек.

Фразеологиялық бірліктерде антонимдік қасиеттің деңгейі фразеологизмдердің семантикалық симметриясы мен ассимметриясына байланысты анықталады.

Лексикалық және фразеологиялық антонимдердің теориясын қалыптастырушы ғалым Е.Н. Миллердің анықтамасы бойынша, бұл құбылыс былай түсіндіріледі: «Ассимметриялық антонимдік оппозициялар дегеніміз – бір жұбында симметриялық антонимдердің мағыналарын күшейтетін немесе кемітетін қосымша мағыналық реңктердің болуы» [1:56]. Автор өз ойын мынадай мысал арқылы дәлелдейді: *И это счастье, что можно сейчас пойти, поклониться над ней, приоткрыть кудлатый покров, увидеть ее лицо. И снова закрыть оставив узкий прогал* (А. Проханов). Негізінен *открыть* (ашу) сөзі *закрывать* (жабу) антониміне симметриялы, *приоткрыть* (сәл ашу) – әрекеттің толық болмағанын білдіреді, ал *закрывать* (жабу) – әрекеттің толық болғанын білдіріп тұр, сөйтіп екеуі ассимметриялы антонимдер қатарына жатады. Дәл осы сипат фразеологиялық антонимдерде көрініс табады.

Семантикалық құрылымы симметриялы болып келетін жұп фразеологиялық бірліктер антонимдік қасиеттің жоғары деңгейін игере алады. Яғни, антонимдік қатысқа түсетін фразеологизмдерде антонимдік қасиет күшті,

анық болып келеді. Фразеологиялық жұптарда антонимдіктің жоғарғы көрсеткіші мынадай шарттарға сай іске асады:

1) екі фразеологиялық бірліктің қарама-қарсылығы толығымен полярлы қарым-қатынаста тұруы керек;

2) оларда ортақ және қарама-қарсы компоненттерден өзге мағынаның қосымша компоненті болмайды, болған жағдайда қарама-қарсы қойылатын жұптарда біркелкі көрінуі керек.

Мысалы: 1) *тасы өрге домалау – ісі өрге баспау* антоним фразеологизмдері – «*жолы, ісі оңғарылды – жұмысы алға басады, кесір – кедергі көп болды*» деген мағыналарды білдіреді. Жоғарыда келтірілген шарттарға сай, мұнда антонимдік қасиет жоғары деңгейде байқалады. Біріншіден, аталған антоним фразеологизмдердің қарама-қарсы семантикалық компоненттері (жетістікке жету – жолы болмау, ісі алға басу – ісінде кедергі көп болу) толығымен полярлық қатыста тұр. Екіншіден, бұл жұптардың семантикасына зер сала қарасақ қосымша семантикалық компоненттер жоқ.

2) *оң қабағын беру – сырт айналу* деген қарсы мәндегі фразеологизмдер – «*жылы, жақсы шырай білдіру – теріс қарау, жақтырмау*» мағыналарын білдіреді. Мұнда да қарама-қарсылық фразеологизмдердің семантикасына сай анық байқалады. Аталған жұптардың мағыналары толықтай бір-біріне қарама-қарсы келумен қатар, олар «*адамның жақсы – жаман қасиетін білдіру*» ортақ сөзін игереді де, мұнда қосымша компоненттер жоқ.

Семантикалық құрылымы ассимметриялы болып келетін фразеологиялық жұптар антонимдік қасиеттің әлсіз (төмен) деңгейін көрсетеді. Фразеологиялық бірліктерде антонимдіктің әлсіз деңгейде көрінуі төмендегі шарттарға сай байқалады:

1) фразеологизмдердің мағыналары толықтай полярлық қатысқа түспейді;

2) фразеологизмдердің мағыналарында дәл келмейтін қосымша компоненттер болады.

Мысалы: *сөзге қонақ бермеу – жұмған аузын ашпау* фразеологиялық антонимдері «*бой бермей, ешкімге сөз бермей өзі сөйлеу*» – «*сөзге араласпау, үндемеу*» деген қарсы мағыналарды білдіріп тұр. Осы жұптардың семантикасында бір-біріне дәл келмейтін қосымша компоненттер бар. Олар: *сөзге қонақ*

*бермеу* фразеологизмінде «*сөйлеу процесінің болуы*» және «*екінші біреумен сөйлесу*» болса, *жұмған аузын ашпау* фразеологизмінде – «*сөзге араласпау*», «*өзінің бар-жоқ екенін білдірмеу*». Бұлар – қарама-қарсы қоюда бір-біріне дәл келмейтін қосымша компоненттер. Сол себептен де, *сөзге қонақ бермеу – жұмған аузын ашпау* фразеологизмдерінде антонимдік әлсіз деңгейде көрінеді. Мұндай семантикалық құрылымы ассимметриялы болып келетін фразеологиялық антонимдер тілімізде аз ұшырасады.

Сондай-ақ фразеологиялық жұптарда антонимдік қасиет орташа деңгейде болуы мүмкін. Фразеологиялық бірліктің бірі ассимметриялы болып келіп, төмендегі шарттардың біреуін немесе екеуін қатар игергенде фразеологизмдер орташа деңгейде антонимдік байланыста болады. Аталған шарттар:

1) фразеологиялық бірліктердің бірі полярлық қатынастың шеткі деңгейінің болуымен ерекшеленсе, екінші жұбында бұл өзгешелік болмайды.

2) фразеологиялық бірліктердің біреуінде қосымша дәл келмейтін компоненттік мағына болады.

Мысалы: 1) *көз жасын көл қылу – көз жасын құрғату* жұп фразеологизмдерінде антонимдік байланыс орташа деңгейде көрінеді. Аталған жұптар бір процестің басталуы мен аяқталу шегін білдірмейді. Бірінші *көз жасын көл қылу* фразеологизмі «*ағыл-тегіл жылаудың болып жатқанын*» білдірсе, *көз жасын құрғату* фразеологизмі «*жылау процесінің аяқталуын*» білдіріп тұр. Сонда бір фразеологизм полярлық қатыстың шеткі деңгейін білдірсе, екіншісі процестің басталып кеткендігін көрсетеді.

2) *ағыл-тегіл жылау – көз жасын тыю* антоним фразеологизмдері жоғарыда келтірілген шарттарға сай антонимдік қатыста келеді. *Ағыл-тегіл жылау* фразеологизмі «*жылау процесінің*» басталған кезін емес, болып жатқандығын білдіреді. Ал *көз жасын тыю* фразеологизмі «*жылау процесінің соңын*», полярлық қатынастың шеткі шегін көрсетіп тұр. Фразеологиялық бірліктерде қосымша компоненттер де («*жұбанбай қатты жылау*» немесе «*көз жасы құрғап, қалыпты күйге ену*») бір-біріне сай келмейді.

Сонымен, фразеологизмдердің антонимдік қасиетін анықтауда ең алдымен олардың семантикасы басшылыққа алынуы тиіс. Анто-

ним болатын фразеологиялық жұптарда мағына қарама-қарсылығымен қатар, ортақ және қосымша мағыналық компоненттер ұшырасады, сондай-ақ оларда антонимдік қасиет жоғары, орта, әлсіз (төменгі) деңгейде көрінеді.

- 1 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Самарканд, 1990. – 216 с.
- 2 Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. – Москва, 1978. – 245 с.
- 3 Черная А.И. Синонимика-антонимические антонимия ФЕ в пределах семантического поля // Лексико-грамматическая сочетаемость в германских языках: Межвузовский сборник. – Челябинск, 1977. – Вып. 2. – с. 148-154.
- 4 Зимина Л.П. Антонимия фразеологических единиц в современном немецком языке: Автореф. дис. канд. Филол. наук. – Ленинград, 1974. – 24 с.
- 5 Пюрбаев Г.Ц., Бертагаев Г.А. Антонимия слов и антонимия фразеологизмов в современном монгольском языке // Труды Самаркандского университета. – 1970. – Вып. 178. – с. 159-164.

- 6 Иванова В.А. Антонимия в системе языка. – Кишинев, 1982. – с.163
- 7 Уфимцева А.А. Слова в лексико-семантической системе языка. – Москва, 1968. – 272 с.
- 8 Тонконогова Т.А. К характеристике разноструктурных фразеологических антонимов в современном французском языке // Сборник научных трудов Московского гос. пед. инс-та иностр. яз. им. М. Тореза. – Москва, 1979. – Вып. 140. – с. 62-72.
- 9 Львов М.Р. К вопросу о типах лексических антонимов // Русский язык в школе. – 1970. – № 3. – С. 71-75.
- 10 Пупкова А.И. Проявление степени антонимичности в лексической иерархии // Вопросы прикладной лингвистики. – Днепропетровск, 1976. – Вып. 6. – с. 8-14.
- 11 Селина Р.В. Использование антонимов в создании речевого контраста // Слова как предмет изучения: Сб. науч. трудов. – Ленинград, 1977. – с. 79-82.
- 12 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.
- 13 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

**Г. Сырлыбаева**  
**Семантика противоположенных фразеологизмов**

В статье рассматривается семантика противоположенных фразеологизмов в казахском языке.

**G. Syrlybaeva**  
**The semantics of contrasting phraseology**

The article deals with the semantics of contrasting phraseology in Kazakh language.

**Ж. К. Сүйінжанова,**  
*Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, аға оқытушы, ф.ғ.к. Түркістан қ.,*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕНГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКSIКАЛАНУЫ**

Еркін сөз тіркесінің құрамынан шығып, атаулық тіркес ретінде танылып жүрген тұлғалардың тілдік табиғатын анықтап, олардың грамматикалық, қызметтік және семантикалық мәнін айқындаудың ғылыми маңызы зор. Сөз тіркестерінің дамуы жаңа сөздердің жасалуын туғызатыны даусыз. Ұлттық тіл білімі бойынша жалпы тіркестер туралы зерттеудің негізін қалаған ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтан бастап, сөз тіркестері туралы ғылыми пікірлер айтқан ғалымдар Н.Т. Сауранбаев, С.Исаев, Ә. Аблақов, Е. Ағманов, Р. Әмір, Т. Сайрамбаев, Н. Оралбаева, А.Б.Салқынбай, Б.Қасым т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі мәселесі теориялық та, практикалық та тұрғыдан жан-жақты зерттелген. Сол еңбектерде менгерудің табиғатына назар аударылып, тиісті анықта-

малар беріліп, диссертациялар қорғалып, менгеру мәселесінің табиғаты анықталды. Сөз тіркесі, оның ішінде менгеру мәселесі алғаш Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев еңбектерінде көтеріліп, бұл мәселенің одан әрі зерттелуіне жол ашылды. М. Балақаевтың еңбектерінде сөз тіркесі мәселесі кеңінен зерттеліп, онда сөз тіркесінің құрылысы, өзіне тән ерекшеліктері, сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары және олардың тіркесу қабілеттері жан-жақты ашылып көрсетіледі. Бұл мәселеде С. Исаевтың, А. Аблақовтың, Р.С. Әміровтің, Т. Сайрамбаевтардың еңбектерін атап өткен орынды.

Тілімізде изафеттік тіркестердің, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің атау туғызу қызметі мол. Сонымен қатар, әбден қалыптасқан менгеріле байланысқан сөз тіркесінің негізінде жасалған термин сөздер мен атау-